

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 60 – 66

ABOUT THE REMAINED ANCIENT HISTORICAL DOCUMENT

Zh. Oshan

MES RK CS R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Key words: Tengri Elig, Buqachaq, Alty Tatar country, Toghuz tatars, Tokuz Bukha beks, On uyghur country, Iduq-kut, Otuken, Talaz (Taraz).

Abstract. In this article a document, which was written on ancient uighur language, found in China, is regarded. The document was researched on source. The author acquaints in detail with the history of the Turk people of the X-XI centuries which is a very valuable. Some of the historical problems in the document were discussed.

ӘӨЖ94(574)02/08

КӨНЕ ТАРИХИ ЖӘДІГЕРДЕН ҚАЛҒАН ЖАЛҒЫЗ ПАРАҚ

Ж. Ошан

ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: Теңрі Еліг, Бұқачақ, Алты татар елі, тоғыз татарлар, Токүз Бұқа бектері, Он ұйхұр елі, Ідүк-күт, Өтүкен, Талаз.

Аннотация. Мақала Қытай астанасындағы деректер қорларының бірінде сақталып келген көне ұйғыр жазуымен жазылған екі бет жазба ескерткіш туралы жазылған. Аталған құжаттың табылуы мен ғылыми айналымға енгізілілуі тарих қойнауында беймәлім күйге енген біраз тылсым сырды ақтаруға мүмкіндік береді, оның кей мазмұндары бұған дейін қолда бар деректер негізінде жасалған пайымдауларды онан әрі орнықтыра түссе, кей тұстары мәселені қайта қарауға түрткі болады.

Соңғы жылдары қытайда түркі халықтарының тарихына қатысты бірқатар құнды жәдігерлер табылып, олардың біразы жарияланып, ғылыми айналымға енгізіліліп отыр. Осындай көне дүниенің бірі жуырға дейін Қытай астанасындағы дерек қорларының бірінде сақталып келген көне ұйғыр жазуымен жазылған жазба ескерткіш. Төменде біз осы ескерткіш парағының арнаулы жинақтардың біріне жарияланып, мамандар тарапынан алғашқы мәтінтанулық зерттеу жасалған нұсқасы негізінде оған қысқаша тоқталып өтпекпіз.

Айтулы жәдігер ҚХР астанасы Бейжің қаласына орналасқан «Қытай мәдени мұралар институты» деп аталған зерттеу институты қорында: «jx 222-0661.9» деген нөмірмен сақталған¹. Ондағы көне ұйғыр жазуымен жазылған жазба ескерткіш мәтіні жеке бір парақтың екі бетіне жазылған, мәтіннің сақталуы өте жақсы деуге болады. Бұл құжаттың көне заманда жазылған қандай бір тарихи еңбектің жеке парағы екенін құжат мәтінінің жиегіне өз кезінде кітаптың бет саны ретінде көне түркі тілінде және қытай тілінде жеке-жеке «жиырма екі» деген мағнаны білдіретін көне түрікше: «iki otuz» сөзі мен қытайша: «二十二» деген екі сөздің жазылуы толық көрсетіп отыр. Әйткенмен, Институт қорында бұл құжатты кім, қашан, қай жерден тауып әкеліп тапсырғаны туралы еш бір мәлімет тіркелмеген. Айтулы институттың құжаттар қорында көп жыл

¹Қытай астанасы Бейжің қаласына орналасқан бұл институттың қазіргі аты «Қытай мәдени мұраларды зерттеу институты» («中国文化遗产研究院» // «Zhōngguó wénhuà yíchǎn yán jiū yuàn»)» деп аталады. Алайда көп жылдарға дейін бұл институт «Қытай мәдени жәдігерлерді зерттеу институты» («中国文物研究所» // «zhōngguó wénwù yánjiū suǒ»)» деген атпен аталып келген болатын.

бойы сақтаулы тұрған құжаттың факсимилесі тек 2011 жылы ғана аталған институт тарапынан құрастырылып, Бейжің қаласында баспадан шыққан «Қытай мәдени мұраларды зерттеу институты қорында сақталған Батыс өңірге қатысты көне жәдігерлер» атты құжаттар жинағында алғаш мәрте жаряланып, құжаттың атын «Он Ұйғыр ханы және оның шекарасы туралы жазба» деп атаған [1, 276-277 бб.]. Құжат жарияланғаннан кейін Чжан Тешань мен Peter Zieme бірлікте зерттеу жасап құжатқа алғашқы қадамдағы мәтінтанулық зерттеуді жариялады [2, 129-159 бб.]. Көп өтпей бірлескен зерттеудің нәтижесі болған бұл мақала қытай тіліне аударылып жарияланды [3, 157-176].

Құжат мәтінің қазіргі оқылу деңгейінде анықталғандай құжаттың жазылған уақыты мен онда баяндалған уақиғаның дәуірі туралы еңбектің қолда бар тұсында еш мәлімет жазылмаған. Құжатты ең алғашында X-XII ғасыр еншісіндегі шығарма ретінде қарастырғанмен, қазіргі кезде зерттеуші ғалымдар мәтін тіліндегі дәуірлік ерекшеліктерге, өте-мөте ондағы кірме сөздер арасында жаңа парсы тілінен енген сөздердің кездесуіне сондай-ақ, Юань дәуіріне тән ұйғыр жазбаларда көбірек кездесетін мәтінде қытайша терминдерді қолдану кезінде қытай иероглифін пайдалану дәстүрінің орын алуына қарай отырып шығарма XIII-XIV ғасырларда жазылған деген қорытынды шығарып отыр [3, 159 -160 бб.]. Ал, ондағы баяндалған уақиғаның дәуірі туралы құжат мәтіндегі «Он ұйхұр елі» ханына байланысты баяндаулары құжаттың Тұрпан мен Бесбалықта билік құрған Ідұқ-құт елінің тарихымен қатысты екендігін растай алады, сонымен ондағы көрсетілген уақиғалар тізбегі бұл елдің X-XI ғасырдағы тарихымен қатысты деген болжам жасалған [3, 157 б.].

Ескерткіш мазмұнында қысқаша айтқанда мынадай тарихи уақиғалар баяндалған:

- Т'ngrk 'n-нің¹ жергектегі кезінен арыстанның баласындай (мәтінде «kesar» деп көрсетілген) ақырып айбат шеккен батырлық нышандары, қаршадайынан бастап «Теңрі Еліг (Tängri Elig)»² деп құрметтелген өзінің хан әкесіне көмектесіп, Он ұйхұр елінің билігіне қарсы шығып елдің ірге жауына айналған тоғыз татарларды бағындырып өздеріне бодан еткені;

- Оның ержетіп, Он ұйхұр елінің билігін өз қолына алғаннан кейінгі ерліктері;

- Тарым ойпаты тарапындағы елдерді бағындыру мақсатында атқа қонып, жорықтарға шығуы;

- Солм қаласын бағындыруы;

- Елдің күн батыс жағындағы едлерге жорық жасап «Талаз» деп аталған қалаға жорыққа аттанып, барып ондағы «Бұқачақ» есімді адам бастаған оннеше қаланың билеушісі бастаған қосынмен қан майданда кездескені, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен Талаз қаласы мен ол елді өзіне бағындырғаны, оларды қырып-жоймай, жақсы жолға бастап өз жеріне бейбіт қоныстандырғаны;

- Мұны көрген және естіген алыс жуықтағы мұсылмандарды қамтыған көптеген елдер мен халықтардың Он ұйхұр еліне құрметпен қарай отырып, оларға өзі келіп бағынуы, сол замандағы ең жақсы елдің Он ұйхұр елі, ең жақсы билеушінің «Т'ngrk 'n» болғаны, сөйтіп ханның аты алысқа таралып, оның ықпалы Үш Солман (Üç Solm)³ Ұлұх Иүлтүзға (Uluh Yultuz) дейін жеткені;

- Оның Өтүкен (Ötükän) жері маңындағы әр түрлі елдерді бағындырып, оларды өз билігіне алып, өз ата-бабалары тарихында болмаған ұлы істерді атқарғанығаны, осылайша Он ұйхұр елінің атақ даңқының төрт атырапқа таралғаны;

- Бұған дейін кидандардың боданы болып келген Алты татар елінің күшейгені, олардың бұл елмен жақын танысудан бұрын Тоқуз Бұқа бектері мен оның ханы туралы естігенін, кейін Алп ханның атақ даңқы аса бастағаннан кейін бұрынғы өздері бағынған хан мен елді тастап, өздерінің елі мен ата қоныс мекенін қанша жақсы көрседе, қимаса да Ұдан (Udan) яғни Т'ngrk 'n-нің қарасты

¹ Құжат мәтінде аталған тұлға есімінің бірінші бөліні 天(tian) деген иероглифпен жазып, оның артына көне ұйғыр жазуындағы «n» дыбысын білдіретін әріпті жалғаған. Осыған байланысты мәтін танушылар бұл тіркесті «Т'ngrk 'n» деп көрсеткен [3, 165 б.].

² Бұл есім де жоғарыдағы көрсетілген үлгімен жазылған, ондағы «Tängri Elig)» алдыңғы бөлігіне «天(tian)» иероглифінің соңына «Елік» сөзі жазылған.

³ Бұл қаланың аты ертеде Агни деп аталған. Агни елі қытай деректерінде көп замандар бойы «Яңыз (焉耆)» деп аталып келді. Ел аумағының шығысында Қочомен, батысында Құсанмен шекараласып жатты. Орны қазіргі СҰАР Яңыз дүңген автономиялы ауданы аумағында. IX ғасырдан бастап Солми (Solmi/Sulmi) деп атала бастады. Бұл қаланы жергілікті ұйғырлар көп заман бойы Қарашәрі (Karashahr) деп атап келеді. Солми (Solmi/Sulmi) аты М. Қашқари еңбегінде әлде неше рет аталады [4, 374 б.]. Айтулы қаланың орны мен кейінгі аты туралы бұған дейін профессор Гэн Шимин қатарлылар тыянақты түрде зерттеулер жасалған [5, 147-159 бб.].

халқы болғанын, оның қорғауы мен қамқорлығына бөленіп Байтахтан Құм Сендірге дейін қоныстанғаны, Т'ngrk 'n-нің қалаларында еркін жүріп-тұрғаны, олардың кейбірі Янгі Балыққа қарасты жерлерге дейін барып мекендегені және Иеті Бұқа есімді адамның өз қызын Т'ngrk 'n-ге бергені, S]lg]lg (s]ng]lg) тегінің өз елін бастап келгені сияқты тарихи уақиғалар баяндалған [3, 158-159 бб.].

Құжатта баяндалған мұндай тарихи уақиғалар бұған дейінгі тарихи еңбектер мазмұнында еш жерде кездескен емес. Біз егер ондағы уақиғалар шынымен Ідұқ-құт елінің Х-ХІ ғасырдағы тарихына қатысты екеніне сенетін болсақ, онда 840 жылы Моңғолиядағы Ұйғыр қағанатын Енесей қырғыздары құлатқаннан ХІ ғасырға дейінгі аралықтағы Моңғолия мен Шығыс Түркістандағы түркі халықтарының тарихы туралы айтылып жүрген кей пікірлерді қайта талқылаудың сәті түседі. Бұл ең бірінші Ідұқ-құт мемлекетінің аталған кезеңде тұтас аймақтағы тарихи орны мен саяси ықпалына қатысты кей мазмұндарын қайта қарауға мүмкіндік береді. Себебі, қазірге дейінгі деректер негізінде қалыптасқан пікір бойынша: Көк түріктердің орнында құрылып, түркі халықтарының қара шаңырағында ғасырға жуық билік еткен Ұйғыр қағанаты 840 жылы өзінің күллі түркі-моңғол тайпаларына жүргізген тегеуірінді билігінен айрылғаннан кейін олардың Моңғолиядан қашып шыққан бір бөлігі тарапынан Тұрпан мен Бес Балықты орталық етіп құрған мемлекеті соншалық қуатты ел ретінде қарастырылмайды. Алайда, құжатта Ідұқ-құт елі мүлде басқа бір келбетте сипатталып, елдің бір дәуірлерде күш-қуаты артып, ел аумағының бір шеті Моңғолиядағы көшпенділердің астаналық аймағы саналатын Өтүкен жеріне жетіп, ондағы «тоғыз татарларды», іле-шала даланың онан да арғы бір қиырын мекендеген «алты татарларды» бағындырғаны, елдің екінші бір шекарасы Солм қаласына дейін жетіп ондағы мұсылмандардың бағынғаны, күн батыстағы шекараның Юлдуз өзенімен шектесуі, кей бір кездері Талаз қаласына дейін жорық жасап, ол жақта оннеше қаланы өзіне тәуелді етіп атақ-данқы ерекше деңгейде артқаны баяндалған.

Құжат мәтінінде ел шекарасының бір шегі ретінде көрсетілген Иүлдүз өзенінің аты «大 (da) Ultuz» деп көрсеткен. Бұл тіркесті «Uluh Ultuz» өзені деп пайымдауға болады. Тянь-Шань тауларының қоршауында жатқан үстіртті аймақтағы бұл өзен кәзір де Иүлдүз өзені деп аталады әрі «Үлкен Иүлдүз» және «Кіші Иүлдүз» болып екіге бөлінеді¹.

Көрсетіп өткеніміздей құжат мазмұнының келесі тұсында «Талаз» деп аталған қалаға жорық жасалып, Бұқачақ бастаған оннеше қала бектерімен соғысқаны жазылған. Мұндағы Бұқачақтың кім екенін анықтауға қазірше мүмкіндік жоқ, әйткенмен «Бұқачақ» дегенді адам аты ретінде қарастырумен бірге тайпаның аты ретінде қарастыруға да болады. Ал, оған байланысты қала аты ретінде көрсетілген «Талаз» атын қатысты әдебиеттерде көптен белгілі «Тараз» немесе «Талас» деп қарауға болады. М. Қашқарри өз еңбегінде Талас немесе Тараз деп аталатын қаланың атын атай отырып, бұл аттас қаладан екеуі бар екенін ескертіп, оның біріншісін «Үлұқ Талас», екіншісін «Ками Талас» деп көрсетеді әрі «Ками Таластың мұсылман жерімен шекаралас екенін баса көрсетеді [4, 348 б.]. Мұнда көрсетілген «Үлұқ Талас» еліміз аумағындағы Тараз болуы бек мүмкін. Алайда «Ками Таластың» орнын анықтау соншалықты оңайға түскен емес. М. Қашқари мұсылман жерінің шекарасында деп көрсеткен бұл жерді ғалымдар көбінесе Іленің жоғары бойындағы Құлжа мен Күнөс тараптан немесе Сайрам көлінің шығысындағы Жоңғар даласының жиегінен іздеп келеді. Бұл туралы соңғы қорытындының өзі соншалықты нақты емес, онда: «Алатау мен Ілені бір бірімен тұтастыратын түзу сызықтың шығыс жағында онша ұзақта емес» деп пайымдалған [6, 355 б.]. Сонымен, құжатта көрсетілген «Талаз қаласын» «Ками Талас» деп көрсетіп, оның орнын Іле аңғарынан іздегеннің өзінде ондағы «Бұқачақ бастаған оннеше қала бектерімен арада болған соғыспен оларды бағындыру уақиғасының» өзі «Он ұйхұр елінің» ықпалы Жетісудың ауқымды бөлігіне жеткенін ескертеді. Мұндай мәлімет Ідұқ-құт елі туралы айтылған: Бұл ел «ІХ ғасырдың екінші жартысынан кейін 170 жыл бойы Қытай аумағындағы Шығыс Түркстан мен Орта азиядағы Түркістанді тұтастырған санаулы ірі елдің бірі болды, олар ХІ ғасырдың бірінші жартысына жеткенде ғана дербес елдерге жіктелу және ыдыраудың орын алуына байланысты өзінің батыстағы жарты территориясынан [Қараханидан] айрылып қалды, соған қарамастан ол аса ірі мемлекет ретінде сақтала берді» деген Жапон ғалымының болжамын шындыққа жақындата түседі [6, 424 б.].

¹ Айтулы өзен жатқан бұл алқап Тянь-Шаньның биік таулары қоршап жатқан аса шұрайлы жайылымдардың бірі болып келеді. Тұтас алқаптың солтүстігі Еренқабырға тауымен, батысы Нарат тауымен ұшқасып, оңтүстігі Оңтүстік Тянь-Шань тауының биік шыңдарымен жалғасады.

Бұдан тыс құжаттағы Ідүк-құт елінің Орталық азиялық көшпенділермен арада қалыптасқан саяси, әскери қарым-қатынастары туралы кей мағлұматтары Жапон ғалымы Абе Такеоның осы сауалдар бойынша бұған дейін шығарған бір қатар тұжырымдамаларымен сайма-сай келеді. Біз құжаттағы «Он ұйхұр елі» мен Моңғолияғы байырғы көшпенділердің қарым-қатынасын көрсететін тұстарына назар аударар болсақ, мәтінінің бастапқы жолдарының өзінде тарихи тұлғаның өзінің хан әкесіне көмектесіп Он ұйхұр елінің билігіне қарсы шыққан «тоғыз татарлардың» бағындырып, оларды бодан етіп, өздеріне салық төлеп тұруға мәжбүрлегені, осылайша ел іргесіне төнген қауіп-қатердің біржолата сейілгені баяндалады. Бұл ең бірінші бізге аталған тарихи кезеңдегі Ідүк-құт елінің Моңғолияды түркі-моңғол тайпаларымен арадағы саяси қатынасын көрсете алады; қала берді ұлы даланың кезекті билеушісі ретінде Ұйғыр қағанатының орнын басқан Қырғыз қағанатының Түркі жұртының астаналық аймағында орнатқан билігі мүлде баянсыз болып, IX ғасырдың соңына жеткенде Енесей бойындағы бұрынғы ата мекеніне қарай шегінген деген болжамды онан әрі айқындауға мүмкіндік береді. Қысқасы біз бұл тарихи кезеңде Моңғолияда түркі дәуірінен бастап аты әйгілі болған «тоғыз татарлардың» қайта күшейгені әрі Бесбалықтағы Ідүк-құт билігіне қандай да бір қауіп-қатер төндіріп отырғанын көре аламыз¹.

Ідүк-құт билігінің Моңғолияғы көшпенділермен арада қалыптасқан қатынастарын құжаттағы олардың Өтүкен жерінің халқын жарылқап өз билігіне алғанын баяндаған мазмұндар да нақтылай түседі. Бұған дейін белгілі болғанындай 981-985 жылдары аралығында Тұрпандағы Ідүк-құт Ұйғыр хандығына барып қайтқан Сун патшалығының елшісі Ван Яньдэ өзінің «Ван Яньдэ ши Гаочан цзи» («Ван Яньдэнің Гаочанға елшілік естелігі») атты саяхатнамалық еңбегінде Ұйғыр Ідүк-құты туралы мәліметтерді бермес бұрын Моңғолияда қоныстанған «Тоғыз татарлардың» бірнеше тобы туралы арнаулы мәліметтер жазып қалдырған болатын (8, 58-161 бб.; 9, 490 ц.). Сонымен, айтулы құжат X ғасырда Өтүкен жерінде тоғыз татарлардың үстем орынға шыға бастауын хабарлаған тағы бір дерек болып саналады.

М. Қашқари өзінің айтулы еңбегін жазған уақытта Орта Азия тұрғындары Моңғолияны «Татар даласы» деп атай бастаған тәрізді. Автор еңбегінде Өтүкен туралы: «Өтікен: Татар даласындағы бір жердің аты. Ұйғыр еліне жақын» деп анықтама беруінің өзі «Татар даласы» деген ұғымының қалыптаса бастағандығының белгісі болатын (7, I т., 167 б.). Ескере кетері тарихшы ғалымдар X-XII ғасыр көлемінде Моңғолияда аты жиі аталатын осы «тоғыз татарларды» моңғол дәуірі қарсаңында найман, керей, оңғыт деген сияқты жаңаша этнониммен әйгілі бола бастаған бірқатар прото қазақ тайпаларымен байланысты деп қарайды. Сондай зерттеулердің біразы XI ғасырда Орхон-Тоғла өзені маңын қоныстанған тоғыз татарлардың соңғы кезде аты әйгілі болған керейлермен тіке қатысты екенін дәлелдеудің жолын қарастырып келген [10, 201-232 бб.; 11, р.68.].


Құжаттағы «алты татарларға» қатысты мазмұндар² моңғол дәуірі қарсаңына дейінгі тұтас тарихи дәуірде Моңғолияда жасаған әр алуан түркі-моңғол тайпаларының жіктелуі мен ұлыстарға топтасуы, олардың тілі, этногенезі мен көші-қон мәселесіне қатысты туындаған түйткілдерді шешуге көмегін тигізеді. Ондағы «тоғыз татарлармен» қатар «алты татар» деп аталған тайпа атының кездесуінің өзі моңғол дәуірі қарсаңында Шығыс Моңғолияны мекендеген алты тайпадан құралған татар тайпасының түркі ескерткіштерінен бастап аты алыс-жуыққа әйгілі болған байырғы «тоғыз татарлардан» парықты этнос екендігін ескерткендей болады. Онда атап көрсетілгеніндей алты татарлар ілгеріде кидандардың Ляо патшалығына қарасты болған³. Мәтін одан әрі алты татарлар

¹ Түркі ескерткіштерінде Соңғы түркі қағанаты құрылған бастапқы жылдары олардың басты қарсыластары ретінде оғыздардың аты жиі аталып, «тоғыз оғыздарды» бағындыру жолында қажырлы жорықтар жасағаны айтылады. «Білге қаған» ескерткішінде: Білге қаған 32 жасында оғыздарға жорық жасағанын баяндау кезінде тоғыз оғыздардың тоғыз татарлармен одақтаса отырып Ағу (Ayu) деген жерде олармен екі мәрте айқасқаны айтылған. Бұл «Тоғыз татар (Toғuz tatar)» атының тарихи деректерде бірінші мәрте кездесуі болып, уақыт жағынан 715 жылға тура келеді.

² q"day el-k' san-l'halt tatar bodun" t[r]p 此[bu] el-k' yahumad"n toquz buqa b'g'r : 王[xan] birl' ad"nc"l" "duq alp xan"m"z-n"ng at"n cav"n exdip tap"nu [gr("nmix] el-in xan-"n tapta-mat"n qodupk omanmix yur-"n turu-"n okxar-ca titip: udan "duq 天[t'ngri]k'nimiz-k' bodun bolup k]cberg] t"ltah-"nt"n [3, 167 б.].

³ Zhang Tieshan мен Peter Zieme мәтінде көрсетілген «q"day el-k'» деген тіркесті «кидан елі» ретінде қарастырған. Бұл кидандардың Солтүстік Қытайда 916-1125 жылдары билік құрған Ляо патшалығы болып табылады [3, 169 б.].


Он ұйхұр елімен жақын танысудан бұрын тек «Тоқұз Бұқа бегері» мен оның ханы¹ туралы ғана естігені айтылады. Мұндағы «Тоқұз Бұқа бегері мен ханы» сірә кім екенін дөп басып айту қиын, қазірше тек «тоғыз татармен» немесе қырғыз билігімен байланысты қараудың ғана сәті түседі. Құжат мәтінінің келесі мазмұнында алты татарлар Алп ханның атақ-даңқы аса бастағаннан кейін өздері бағынған ханын ата мекенін тастап Ұданның (Udan) яғни T'ngrk n-нің халқы болуды қалап, Бай тахтан Құм Сенгірге дейін көшіп келіп қоныстанғаны, Ідұқ-құт қалаларын емен-еркін қоныстанғаны, олардың кейбірі Янгі Балыққа қарасты жерлерге дейін барғаны баяндалады. Мұндағы «Бай тах» (Bay Taу, қазіргі Бәйтiк тауы) және Құм Сенгір атты жердің екеуі де Алтайдың күнгей бетіндегі жерлер болып табылады². Ал Ідұқ-құқ қалаларының бірі ретінде көрсетілген қаланың аты «Үап balq» қаласын Манас өзені маңындағы көне «Үангi balıq» қаласы ретінде қарастыруға болады. М. Қашқари өзінің еңбегінде осындай бір қаланың атын Бесбалық туралы тоқталған кезде атап, оның атын «Йанібаліқ» деп көрсеткен [6, 141 б., 359 б.].



Құжаттың бірінші беті

¹Мәтінде «toquz buqa b'g' r : 王...» деп көрсетілген. Мұндағы «toquz buqa b'g' r» сөзін «toquz buqa bāgār» деп қалпына келтіруге болады. Мұндағы «Бегер» термині түркі халықтарының билік жүйесіндегі титул болып, бұл сөздің этимологиясы «Бек» және «Ер» деген екі сөздің қосылуынан жасалған. Сөз тіркесінде «Бегер» атауының соңына жалғанған қытайша «王»(Вань) иероглифінің мәнісі «хан немесе қаған» дегенге сәйкес келеді, көне түріктер бұл сөзді өз тіліне бейімдеп Оң (Ong) деп қабылдаған әрі жеке титул ретінде қолданып келген.

²Qum Sängir немесе Qum-Sängir – мұндай жер аты Моңғол дәуіріндегі әдебиеттерде Қарақорымнан Бешбалыққа баратын жолда, Бешбалықтан бір апталық жерде екені айтылады. Жувейни Күйік ханның Құм Сенгірде өлгенін баяндап, бұл жерді қазіргі Үліңгір көлінің жоғары бойында екенін көрсетеді [12, p.261].



Құжаттың екінші беті

ӘДЕБИЕТ

- Қытай мәдени мұраларды зерттеу институты. Қытай мәдени мұраларды зерттеу институты қорында сақталған Батыс өңірге қатысты көне жәдігерлер. – Бейжің, 2011 (中国文化遗产研究院编:《中国文化遗产研究院藏戏与文献》北京, 中华书局, 2011年 // Zhōngguó wénhuà yíchǎn yán jiù yuán biān: «Zhōngguó wénhuà yíchǎn yán jiù yuán zàngxì yǔ wénxiàn». Běijīng, Zhōnghuà shūjú, 2011 Nián).
- Zhang Tieshan & Peter Zieme, A memorandum about the King of the On Uyur and His Realm, Asta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae 64(2), 2011, pp. 129-159.
- Zhang Tieshan & Peter Zieme (қытайша аударма. Бай Юйдун). «Он Ұйғыр ханы және оның хандығы туралы меморандум» // Қытай Халық уенверситеті. Батыс аймақ тарихы мен тілі туралы зерттеулер. – V-т. – 157-176 бб. (张铁山 茨默 著: 白玉冬 译 «十姓回鹘王及其王国的一篇备忘录». 中国人民大学国学院西域历史语言研究所, 沈卫荣 主编: 西域历史语言研究集刊, 第五辑, 北京, 科学出版社, 2012年. 157-176页 // Zhāng Tiěshān, Címòzhè: Bái Yùdōng yì: «Shí xìng huǐhú wáng jí qí wángguó de yī piān bèiwànglù». Zhōngguó rénmin dàxué guóxuéyuán xīyù lìshǐ yǔyán yánjiū suǒ, chénwèiróng zhǔbiān: Xīyù lìshǐ yǔyán yánjiū jíkǎn, dì wǔ jí, Běijīng, kēxué chūbǎn shè, 2012 nián. 157-176 yè.
- Махмуд ал-Капгарди. Диван Лугат ат-Турк / Пер. и предисловие З.-А. М. Ауэзовой. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
- 耿世民、张广达:《唆里迷考》, 载《历史研究》1980年, 第二期, 147-159页. Gěng Shímín, zhāng Guǎngdá: «Suǒ lí mí kǎo», zài «lìshǐ yánjiū», 1980 nián dì èr qī, 147-159 yè.

- Абе Такео. 安部健夫: «西ウイグル国史の研究») // қытайша аудармасы: 宋肃瀛, 刘美崧, 徐伯夫译 «西回鹘国史研究», 新疆人民出版社, 乌鲁木齐, 1986 年 (Sòng Sùyíng, Liú Měisōng, Xú Bófú yì: «Xi huíhú guóshǐ yánjiū», Xīnjiāng rénmin chūbǎn shè, Wūlǔmùqí, 1986 nián.
- Қапқари. М. Түрік сөздігі. – Алматы: ХАНТ, 1997.
- Ван Яньдэ, «Ван Яньдэ ши Гаочан цзи» («Ван Яньдэнің Гаочанға елшілік естелігі» // «Си чжоу ши чэн цзи (Сичжоуга елшілік сапар естеліктері). Қараңыз: Ян Цзяньсин. «Гу си син цзи сюань чжу». – Иньчуань: Нинься жэнь минь чу бань шэ, 1987 (王延德: «西州使程记». 杨建新 主编: «古西行记» 选注, 银川: 宁夏人民出版社, 1987 年) // Wáng Yándé: «Xi zhōu shǐ chéng jì». Yáng Jiànxīn zhǔbiān: «Gǔ xīxíng jì» xuǎn zhù. Yínchuān: Níngxià rénmin chūbǎn shè, 1987 nián.
- Тото. «Сунши», 490-цзюань, «Гаочан чжуань» (Тото. Сун патшалығының тарихы. – Пекин: ЧХШЦ, 1977 (脱脱: «宋史», 北京: 中华书局校勘本, 1977 年 // Tuōtuō: «Sòngshǐ», Běijīng: Zhōnghuá shūjú jiào kān běn, 1977 nián.
- Чэнь Дэжи. XIII ғасырдың алдындағы Керей хандығы // Монгол, Юань дәуірі тарихы туралы зерттеулер. – Пекин: Жэнь минь чу бань шэ, 2005 (陈得芝: «蒙元史研究丛稿», 北京: 人民出版社, 2005 年 // Chén Dèzhī: «Méng yuánshǐ yánjiū cóng gǎo», Běijīng: Rénmín chūbǎn shè, 2005 nián.
- İsenbike Togan. Flexibility and Limitation in Steppe Formations: The Kerait khanate and Chinggis khan. – New York: Leiden, 1998.
- Boyle J.A. The history of the World-Conqueror, ‘Alā al-Dīn ‘Atā Malek Joveynī. Vol. 1, Cambridge MA, Harvard University Press, 1958.

REFERENCES

- [1] Kytai мәдени muralardy zertteu instituty. Kytai мәдени мұраларды зерттеу институты кoryнда сакталган Batys ongirge katysty kone zhadigerler. Beijing, 2011. hōngguó wénhuà yíchǎn yán jiù yuán biān: «Zhōngguó wénhuà yíchǎn yán jiù yuán zàngxì yǔ wénxiàn». Běijīng, Zhōnghuá shūjú. 2011 Nián. (in Chin.).
- [2] Zhang Tieshan & Peter Zieme, A memorandum about the King of the On Uyur and His Realm, Asta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae 64 (2), 2011, p. 129-159.
- [3] Zhang Tieshan & Peter Zieme (chin. tran. Bay Yuyudun). On Uigyr khany zhane onyng khandygy turaly memorandum. Kytai Khalyk, uyenversiteti. Batys aimak tarikhy men tili turaly zertteuler. V-t. Zhāng Tiěshān, Címòzhe: Bái Yùdōng yì: «Shí xīng huíhú wáng jí qí wángguó de yī piān bèiwànglù». Zhōngguó rénmin dàxué guóxuéyuán xīyù lishǐ yǔyán yánjiū suǒ, chénwèiróng zhǔbiān: Xīyù lishǐ yǔyán yánjiū jīkān, dì 5 jì, Běijīng, Kēxué chūbǎn shè, 2012 nián. 157-176 yè.
- [4] Makhmud al-Kashgari. Divan Lugat at-Turk. Per. i predisloviye Z.-A. M. Auezovoy. Almaty: Dayk-Press, 2005.
- [5] Gèng Shímín, zhāng Guǎngdǎ: «Suǒ lì mí kǎo», zài «Lishǐ yánjiū», 1980 nián dì 2 qí, 147-159 yè.
- [6] Abe Takeo. Sòng Sùyíng, Liú Měisōng, Xú Bófú yì, «Xi huíhú guóshǐ yánjiū», Xīnjiāng rénmin chūbǎn shè, Wūlǔmùqí. 1986 nián.
- [7] Hkashkari. M. Turik sozdigi. Almaty: KHANT, 1997.
- [8] Wan Yande, «Wan Yande shi Gaochan ji» («Wan Yandening Gaochangang yelshilik yesteligi». «Xizhou shi cheng ji (Xizhouga yelshilik sapar yestelikteri). Hkarangyz: Yan Jianxin zhǔbiān: «Gǔ xīxíng jì» xuǎn zhù. Yínchuān: Níngxià rénmin chūbǎn shè. 1987 nián.
- [9] Toto, Běijīng: Zhōnghuá shūjú jiào kān běn, 1977 Nian.
- [10] Chen Dezhi. XIII gasyrdyng aldyndagy Kerey khandygy. Mongol, Yuan dauiri tarikhy turaly zertteuler. Pekin: Zhen' min chu ban' she, 2005. Chén Dèzhī: «Méng yuánshǐ yánjiū cóng gǎo», Běijīng: Rénmín chūbǎn shè, 2005 nián.
- [11] İsenbike Togan. Flexibility and Limitation in Steppe Formations: The Kerait khanate and Chinggis khan. New York: Leiden, 1998.
- [12] Boyle J.A. The history of the World-Conqueror, ‘Alā al-Dīn ‘Atā Malek Joveynī. Vol. 1, Cambridge MA, Harvard University Press, 1958.

О СОХРАНИВШЕМСЯ ДРЕВНЕИСТОРИЧЕСКОМ ДОКУМЕНТЕ

Ж. Ошан

Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: Тенгри Елиг, Букачак, Государство Алты татар, тогыз татар, главы государства Тогуз бука, Государство Он уйгур, Идук-кут, Отукен, Талаз (Тараз).

Аннотация. В статье рассматривается и исследуется источниковедение древнеуйгурского документа, обнаруженного в Китае. Автор подробно знакомит с историей тюркских народов X-XI века, раскрывает ценность документа и обсуждает некоторые исторические проблемы.

Поступила 12.01.2015г.